

«Жеңіл» несиесі бағдарламасының «ауыртпалығы»

Күннің қызуы артып, мамыражай жаз келген бетте жұртшылық жапатармағай үй салып, баспана тұрғызуға ұмтылады. Пәтер жалдап, тапқан-таянғанын үй несіне санап беруден мезі жастар баспанаға қол жеткізудің түрлі жолын қарастыратыны белгілі. Соңғы уақыттары Үкімет қарапайым халық үшін баспанның қол жетімділігін арттыру үшін бірнеше бағдарлама қабылдаған. Бүгінде олардың біршамасы өзінің нәтижесін бергені белгілі. Таяуда бір экономист маманға соңғы жылдары сәтті іске асқан қандай әлеуметтік бағдарламаны атай аласыз дегенімде, ол мүдірместен әр жылдары қабылданған Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын атаған-ды. Ия, маманның ойы орынды. Аталмыш бағдарламаның соңынан қанша сөз ерсе де талай Қазақ жастары осы бағдарламаның арқасында үйлі болғаны белгілі.

Сенім...

Ал ешқандай бағдарламаға ілкігендер не істеуі керек. Әрине, табысын тиімді жинап, қала шетінен жер сатып алып үй тұрғызып баспана мәселесін өз бетінше шешуі керек. Қазір арамызда жер алып, үй салуға қаржысы болмаған соң, екінші деңгейлі банктердің удай несиесіне жүгініп жатқан халық жетерлік. Баспана мәселесін шешу үшін құрылған «Тұрғын үй жинақ банкі» «мемлекеттік маңызы зор істі» атқаруда алдарына жан салмай жатқанын теледидардан жарнамалайтынын көпшілік жақсы біледі. Осындай жарнамаға сеніп қалған ет жақын досым екеуміз «Тұрғын үй жинақ банкінің» есігін қағып түңіліп шықтық. Несие алып аузы күйген ағайындар банктен қай уақытта қуанып шығушы еді деп іштей мысқылдап отырған шығар. Сіздікі де дұрыс қой. Ақ көңіл, әр нәрсеге сенгіш досым сіз сияқты... жарнаманың құрбанына айналды. Бұл жерде банктың түк кінәсі жоқ. Банк досыма несиесі бермейміз деген жоқ. Бар мәселе сол досымның сенгіштігінде болып тұр. Айтпаушы, сенгіш адам сезімтал келеді ғой. Ал біздің қоғамда ондай адамдар өте көп. Сондықтан «Тұрғын үй жинақ банкінің» мыңдаған адамның сезіміне сызат түсіруі әділетсіздік деген байламға келіп, қалам алып отырған жайым бар.

Бізде банк менеджері өте суық қарсы алды. Бірақ біз оған көңіл аудармадық. Банк менеджері компьютерден көз алмаған қалпы бізден жөн сұраған соң,

досым үй салу үшін несиесі алғысы келгенін айтты. Банктің табалдырығын аттағанымызда, тұтынушылық несиесі алғандай бәрі тез шешілетін шығар деп ойлағанбыз. Сөйтсек онымыз бекер болыпты. «Мемлекеттік маңызы бар іспен» ғана айналысатын «Тұрғын үй жинақ банкінің» клиенттерге қоятын шарттары к-ө-ө-п-п-п екен. Рас, «Тұрғын үй жинақ банкінің» ұсынып отырған несиесінің пайыздық үстемесі төмен, қарапайым халықтың баспана тұрғызуына қолайлы. Бірақ несиесі алушыға банктың қоятын шарттары тым көп, әрі ол талаптың үдесінен кез келген адам шыға бермейтіне көзіміз жетті. Жүзі суық, реңді қыз бізге үй тұрғызу үшін «Жеңіл» несиесі бағдарламасы бойынша аралық тұрғын үй зайымын алуға болатынын айтты да оның талаптарын түсіндіріп ала жөнеледі. Әп дегенде несиесіне қол жеткізу үшін ат-нөпір анықтама қағазын әкелуі керектігін түсіндік. Әрине, мұншалықты құжаттың қажеті не деп сұсты қызға дүрсе қоя бермек те болдық. Бірақ оның бұл жерде тек атқарушы қызметкер екені есімізге түсіп, райымыздан қайттық. Банк қызметкері «Жеңіл» несиесі бағдарламасының зайымдары «Бастау» және «Өркен» тарифтік жүйесі бойынша 3 жылға берілетінін алға тартты. Үй тұрғызуға талпынған жас отбасының мүшелері (отағасы мен отанасы) өздеріне тиесілі барлық құжаттардың көшірмелерін, несиесі алушының қаржылық мүмкіндіктері жайындағы анықтама қағаздарын әкелуі тиіс екен. Бұл енді барлық



Қаржы

қаржы институттарының клиенттеріне қойып отырған талабы болған соң, анау айтқан ашулан қойған жоқпыз. Басты кілтипан құрылыс жүргізуге қатысты болып тұр.

Халық мүддесі ескерілмеген

«Тұрғын үй жинақ банкінен» үй салу үшін несиесі алғаннан кейін құрылысты жекелеген құрылыс компанияларына тапсыруың керек. Ал құрылыс компаниялары шағын үй тұрғызып беру үшін әкесінің құнын сұрайтынын банк қызметкерлері білмеуі мүмкін емес қой. Сондай-ақ, үй салатын жер телімін үш бірдей бағалаушы компанияға бағалатып, олардың мемлекеттік лицензиясының көшірмесін банкке өткізуді де басы артық дүние деп санаймыз. Қазіргі таңда жылжымайтын мүлік пен жер телімдеріне нарықтаға бағасын анықтап беретін коммерциялық мекемелер өзінің қызметі өте жоғары бағалайды. Егер үй салатын жер телімінді үш бірдей компанияға бағалатсаң, банктен алған қаржыңның үштен бір бөлігін соларға санап беруің мүмкін. Сондықтан жер телімі мен жылжымайтын мүлікті үш бірдей бағалаушының сүзгісінен өткізу өте орынсыз талап екені даусыз. Бір ғана компания мүліктің құнын бағалап берсе жеткілікті. Банктың қарапайым

халыққа қойған талабы мұнымен шектелмейді. Құрылысқа қажетті бір шеге сатып алсаң да, бағасы удай құрылыс дүкенінен алуың керек. Өйткені мұндай дүкендер сатып алушыға шек жыртып беретіні белгілі. Шектің бәрін жинап, банкке өткізуің керек. Осылайша банк несиесінің тек қана құрылысқа жұмсалып жатқанына көз жеткізеді. Табысы аз жас отбасылар жинаған тиын тебені болмаған соң, банктен 15-20 мың доллар көлемінде несиесі алып, оны үнемдеп үй тұрғызуға ұмытылады. Қаржының үнемдеп, барлық құрылыс материалдарына жеткізуің үшін базар жағалауға тура келетіні жасырын емес. Арасында бұрын пайдаланылған құрылыс материалдарын сатып алуыңызда кәдік. Ал ескі дүниесін саудалаған адам ешқандай шек бермейтіні банк қызметкерлері білмейді деп айта алмайсың.

«Тұрғын үй жинақ банкінің» әлеуметтік жағдайы төмен жастарға мұншалықты қиын шарттар қоюын мемлекет қаржысын қарапайым жұртқа жеткізбеудің амалы деп ұқпасқа шарамыз жоқ. Мұндай шарттар жас отбасылардың қанағаттандырмайтыны сөзсіз. Сондықтан банк менеджерлері «Жеңіл» аралық тұрғын үй зайымын бұқара халықтың қолжетімділігін арттыру үшін несиесі алушыға қоятын шарттарын

қайта қарап, барынша жеңілдетуі тиіс. Бұл үй салуға ниеттенген мыңдаған жас отбасының талабы десек қателеспейміз. Өйткені «Тұрғын үй жинақ банкі» мемлекеттік банк. Үкімет осы қаржы ұйымы арқылы халықтың баспана мәселесін шешуді мақсат тұтқаны бәріміз білеміз. «Жеңіл» аралық тұрғын үй зайымын алушыларға қоятын шарттар мен талаптарды дайындағанда банк междерлері халықтың баспаналы болуын емес, банк қаржысының қайтуына баса мән бергендей... Осылайша Нұрбибі Наурызбаева бастаған банк менеджерлері Елбасының жүктеген тапсырмасын мүлде естен шығарып алғаны өкінішті. Бұл ретте біздер банктің топ-менеджерлерінің біліктілігіне күдік келтіруден аулақпыз. Қайта олардың банк қаржысын тиімді басқару үшін қиын шарттарды ойлап тапқандарына тәнті болып отырғанымызда жасырып қайтеміз. Осы ретте «Тұрғын үй жинақ банкінің» қызметкерлері коммерциялық банктерге қарағанда қарапайым халыққа бір табан жақын болуын естерінен шығарып алғанын байқау қиын емес. Сіздер мемлекет қаржысына, яғни қарапайым салық төлеушілердің қаржысымен құрылған банксіздер. Сондықтан «Тұрғын үй жинақ банкі» халыққа етене жақын болуы тиіс.

Қазақстан жақын болашақта Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДҰС) мүше болып, әлемдік экономикамен барынша ынтымақтасуға ниеттеніп отыр. Бұл өмірдің талабы. Сондықтан еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдері ДҰС-ның талаптарымен қазірден бастап танысып, олардың талаптары негізінде жұмыс істеуге дайын болуы шарт. Қазақстан Кедендік одаққа мүше болалардың қарсаңында билік орындары кәсіпкерлер арасында біраз насихат жұмыстарын жүргізді. Бірақ үштік одаққа мүше болғанымыздан кейін кәсіпкерлер өкініш білдіріп, өздерінің қарсылық тарын ашық білдірген болатын. Алдағы уақытта еліміз ДСҰ-ға мүше болғанда осындай жағдай қайталанбау үшін қазірден бастап түсіндіру жұмыстарын кең көлемде жүргізу керек.

Мүдде

Кез келген кәсіпкер «қамданған қапы қалмайды» деген қанатты сөзді ешуақытта жадынан шығармауы тиіс. Осы ретте біздер еліміз ДСҰ-ға мүше болғанда қандай жайттар күтіп тұр деген сауалға біршама жауап бере кеткенді жөн санап отырмыз. Жақында Алматыда бизнес қауымдастықтардың ба-сын қосып, олардың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап бердік. Кедендік одаққа мүше болуға ұмытылғанымызда көптеген кәсіпкерлер ұзын арқан кең

Ақтөбе қалаларына да ат шалдырып, өңірдегі шағын және орта бизнестің өрісін кеңейтіп жүрген кәсіпкерлермен әңгімелесіп, пікір алмастық. Ендігі кезекте шағын және орта бизнес өкілдерінің қандай сұрақтар мазалайтынын тоқталсақ.

Қазіргі таңда ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі жанынан құрылған Сауда саясатын дамыту орталығы еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдерінің ДҰС талаптарына дайын болуы үшін кең көлемді насихат жұмыстарын жүргізуді қолға алып отыр. Біздің Кедендік одақ бойына басты серіктесіміз Ресей мемлекеті



Кәсіпкер ДСҰ-ға дайынсың ба?

тұсауға салынып, үштік одақтың қоятын талаптарына дайын болмай шыққаны жасарын емес. Аузы күйген үрлеп ішеді дегендей, біздер ұйымдастырған кездесуге бизнес қауымдастықтар белсенді қатысып, көкейде жүрген көп сауалдарып қойып, тұшымды жауап алғанын айта кетуіміз керек. ДСҰ-ға мүше болғанда қандай өзгерістердің орын алғанын білуге ұмтылған кәсіпкерлер екі күн бойы күн құрғатпай келіп, түрлі сұрақтар қоюмен болды. Алдағы уақытта біздер Қарағанды, Өскемен, Павлодар,

өткен жылдың аяғында ДСҰ-ға мүше болып, әлемдік экономикамен кең көлемде ынтымақтасуға орнатқанын бәріміз білеміз. Олар шілде айының соңына дейін ДСҰ алдындағы міндеттемелерін рәсімдеуге күш салуда. Бүгінде іскер азаматтар еліміз ДСҰ-ға мүше болғаннан соң импорттық қосымша құн салықтарын қалай реттелетініне ерекше қызығушылық танытып отырғанына айта кетуіміз керек. Шағын және орта бизнес өкілдерінің бұлайша алаңдаушылық танытуының

жөні бар. Себебі өткен жылы еліміздің заң шығарушы органы Кедендік одақ аясындағы қатынастарды реттейтін бірқатар заң жобасын, қабылдап ратификациялағаны белгілі. Осы ретте біздер кәсіпкерлерге еліміз ДҰС-ға мүше болған жағдайда ұйыммен арадағы байланысты реттеуде Кедендік одақтың негізгі құжаттарына басымдық беріп, соның негізінде ДСҰ-мен арадағы байланысты реттейтінімізді айтып түсіндірдік. Қазіргі таңда Ресей ДСҰ-ға мүше мемлекеттерден келетін тауарларға салынатын

тарифтік көрсеткіштерді дайындап жатыр. Бұл тарифтер үштік одаққа мүше елдердің бәріне ортақ.

ДСҰ-ға мүше болу бұл өте ауқымды шаруа. Кез келген мемлекет оған мүше болғаннан кейін ұйымның барлық міндеттемелерін бірден орындай алмайтыны белгілі. Керек десеңіз, бұл техникалық тұрғыдан мүмкін де емес. Мұндай экономикалық үрдістер бірнеше жылға созылатынын ұмытпауымыз керек.

Қазіргі таңда Экономикалық даму және сауда министрлігі еліміздің ДСҰ-ға мүше болғанда мойнына алатын міндеттемелері бойынша жұмыс жүргізіп, тиісті құжаттарды әзірлеу үстінде. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында Үкіметке 2012 жылдың аяғына дейін ДСҰ-ға мүше болудың барлық алғышарттарын қалыптастыруды тапсырғаны белгілі. Қазіргі таңда бұл бағыт бойынша қызу жұмыстар жүріп жатыр. Осы ретте еліміздегі бизнес қауымдастықтар шағын және орта бизнес өкілдерінің ой-пікірлерін жұмысшы тобының назарына жолдауы керектігін ескертеміз. Өйткені бірлесіп пішкен тон келте болмайтындығын ескерсек, бұл бағытта кәсіпкерлердің белсенді болуының қажет. Осы ретте қазақстандық кәсіпкерлердің ДСҰ-ның міндеттемелерін жетік білуінің маңызы зор. Мұндай маңызды ақпараттан хабардар болған шағын және орта бизнес өкілдері еліміз ДСҰ-ға мүше болғанда қай бағатта жұмыс істеудің маңыздылығын біліп, бірден ұйымның шеңберінде жұмыс істеуге бейімделіп кетеді. Ал ештеңен

хабары жоқ кәсіпкерлер көптеген қиындықтармен бетпе-бет келетіні сөзсіз. Сондықтан еліміздегі салалық қауымдастықтар әр сала бойынша ұйымның қандай міндеттемелері бар екенін және оның кәсіпкерлер үшін қаншалықты пайдалы, зиянды жақтары бар екенін кең көлемде түсіндіру отыруының маңызы зор деп ойлаймын. Бүгінде ДСҰ іскерлік әлеміндегі ақпарат ағынын жан-жақты сараптай алатын адамдар үшін маңызды алаң болып тұрғанын түсінуіміз керек. Сондықтан біздер кәсіпкерлердің ДСҰ жайындағы ақпаратпен қарулануының маңызы зор деп санаймыз. Ұйымның мәні мен мазмұны жайында түсінбей жатып ол жайында жөнсіз әңгіме айтудың қажеті жоқ. Еліміз ДҰС-ға мүше болғаннан кейін Үкімет ұйымның алдында көптеген міндеттемелерді мойнына алатыны сөзсіз. Мұндай жағдайда ауылшаруашылығын және өндірісті субсидиялау ісінің көкжиегін кеңейте түсетіні белгілі. Бұдан басқа түрлі салықтық жүктемелерде алынып тасталынатын болады. Мұндай қадамдардың бәрі кәсіпкерлік саланың кең қанат жаюына септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан еліміз ДСҰ-ға мүше болады деген оған үдере қарудың жөні жоқ. Қайта ұйымға мүше болудың қандай тиімді тұстары мен зиянды жақтары бар екенін сарапқа салып қазірден бастап ДСҰ-ның шеңберінде жұмыс істеуге бойымызды үйретуге баса мән беруіміз керек.

Руслан СҰЛТАНОВ,
Сауда саясатын дамыту
орталығының бас директоры.

Еуразиялық одақ жақсылықтың нышаны емес



— Бұл үрдіс қазір жылдан-жылға күшейіп келе жатыр. Басында Кедендік одақтан басталғаны белгілі. 2012 жылдан бастап ортақ экономикалық кеңістік құру қолға алынды. Оның ар жағы Еуразиялық одақтың қарасы көрініп тұр. Осы экономика мәселелерімен шектеліп қалмай, шекараларымыз ашылып, тауар алмасып, адам ресурстары да алмаса бастады. Бұның бәрі қаржылық секторды да, біздің кейбір

Жуырда Ресей президенті В.Путин Еуразиялық одақтың парламентін құру қажеттігі туралы айтқан. Бұл мәселені Белоруссия мен қазақстандағы әріптестерімен ақылдасатынын мәлімдей келе «Мұны бәрі жақтайтынына сенемін» депті Ресей президенті. Алайда, Қазақстанға ресми сапармен Путиннің өзі емес, Ресейдің Премьер-министрі Медведев мырза келді. Еуразиялық одақтың жұмысы туралы белгілі саясаттанушы Расул Жұмалы БАҚ өкілдеріне өз пікірін білдірген екен соны ықшамдап жариялап отырмыз.

саяси мәселелерді де өзімен бірге қамтып, экономикалық әрі қарай, саяси интеграцияға алып баратын үрдіс. Әлемде әр түрлі интеграциялық игі үрдістер бар. Бірақ, дәл біздің жағдайда Ресей, Белоруссия, Қазақстанның интеграциясы Ресейдің Қазақстанның билігіне араласып, елдің егемендігіне, тәуелсіз шешім қабылдауына нұқсан келтіретін бірталай жайттар бар. Айталық, Қазақстанның әлеуеті Ресейдікімен мүлдем сәйкес келмейді. Ресей экономикалық жағынан да, демографиялық жағынан да, әскери әлеуеті жағынан да Қазақстаннан он-он бес есе үлкен, басым мемлекет. Және Ресейдің өзінде сол бұрынғы Кеңес

Одағын құру, бұрынғы өзінің Кеңестік үстемдігін қайта жаңғырту мәселесі ішінара қозғалып, осы сарындағы саяси мәселелер жиі сөз болып жүр. Ендеше, осы жағдайда Қазақстанның ұлттық мүдделері қаншалық сақталады? Қазақстан қаншалық дербес дами алады? Бұл жағдай бойынша мен, мәселен, толық кепілдіктер байқап отырғаным жоқ. Меніңше, ол біздің Ресейге тәуелділігімізді одан сайын арттыра түседі. Тиісінше, біреуге тәуелділігіміз артқан сайын, өзіміздің егеменді шешім қабылдау құқықтарымыз төмендейді. Мен бұны мемлекеттілігіміз үшін жақсы құбылыс деп санамаймын.

КЕҢ ТЫНЫСТАЙТЫН ТҮҮІН КҮН ТАЯУ

Кәсіпкерлік салада өзекті мәселелердің бірі мемлекеттік құрылымдардың тексеруі екені даусыз. Біреулер бизнесіңді заңға сүйеніп жүргізсең, тексеруден несіне сескенесің деуі мүмкін. Бұл айтыла салған сөз екенін екінің бірі біледі. Шын мәнінде, тексеру дегеннің пара алудың сылтауы. Кәсіпкер заң бұзбаса да, түймедейді түйедей етуге тексеру мекемелері әбден дағдыланып алған. Содан параға жұмсалған қаржы тауар мен көрсетілген қызмет құнының 40 пайызын құрағанынан елімізде паракорлық қаншалықты жайлағанын байқауға болады.

Шағын және орта бизнестегілер тексеруге мораторий жариялағанда кәсіпкерлер сәл де болса кең тыныстап қалатыны жасырын емес. Тексерушілердің арыны

басылғанын жылдық айналымы 40 млн. теңгеден аспайтын шағын кәсіп нысандарында анық сезді. Алайда Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Талғат Ақуовтың пікірінше, бақылау органдарынан гөрі, пісіп-жетілмеген заңнаманың кәсіпкерге тигізетін кесірі көп. Өйткені заңның айналып өтуге болатын тұстары жемқорлыққа жол береді. Бірақ соңғы жылдары заңсыз тексеруге тосқауыл қоятын бірқатар шара қолға алынған. Ел аумағында заңсыз тексеру жайында шағым түскен соң, дереу шара қолдануға дайын отыратын прокурорлардың мобилді тобы жұмыс істеуде. Айталық, өткен жылғы он ай ішінде осындай топқа 260 кәсіпкер шағым түсірген. Оның 150-і расталған. Жалпы, өткен жылы 6 мыңнан

астам кәсіпкерлікке қатысты заңбұзушылық оқиғалары тіркелген. Солардың бірі рұқсат алуға байланысты. Бұрын кәсібін ашқысы келетіндерге оны тіркеу қылкөпірден өтумен бірдей еді. Сондықтан Экономикалық даму және сауда министрлігі мемлекеттік органдармен біріге отырып, бизнес жүргізгісі келетіндерге рұқсат қағаздарын азайтуды қарастыратын заң жобасын әзірлеген-ді. Ведомства басшысы Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, бұл қысқарту негізінен Көлік және коммуникация министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігінде жүрді.

Заңдағы өзгеріске сәйкес, қажетті құжаттар электронды

түрде Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері тарапынан бекітіледі және лицензия алу үшін әрмен қарай да пайдалана береді.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
ҚР Экономикалық даму және сауда министрі:



– Заң жобасында тұңғыш рет тіркелудің хабарлама сипаты енгізілді. Енді рұқсат алу рәсімінен өту үшін кәсіпкер ХҚО арқылы немесе электронды үкімет порталына кәсібін бастағаны туралы хабарлама

жіберсе, жеткілікті. Ал шағын бизнес нысаны тіркелген соң үш жыл бойы тексеруге тыйым салатын заң қабылданатыны біраздан бері айтылып келеді. Бірақ заң жобасында бұл тыйым қызметі қауіп-қатермен байланысты шағын кәсіпкерлік нысандарына қатысты емес делінген. Мәселен, жарылғыш және улы заттармен жұмыс істейтіндерге. Заңжобасы кәсібін дөңгелеткісі келгендерге өзге де жеңілдіктерді қарастырылған. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс нормаларының қолданылу аясы кеңейтілді және кәсіпкер тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтың қай түрі болсын, әбден тексерілгеннен кейін ғана кәсіпкерге әкімшілік жаза қолданылады. Құжатта анықталған 1096 рұқсаттың 257-сі алып тасталды. Сондай-ақ тұрғындардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін 40 түрлі рұқсатты хабарлама түріне көшіру қарастырылуда. Бұл заң жобасы лицензиялар мен рұқсат құжаттарының санын тағы да 30 пайызға қысқарту туралы Елбасының тапсырмасын орындауға бағытталған.

ШЫЛЫМҚОРҒА КІМ ТЫҮІМ САЛАДЫ?

Салауат

Қазіргі таңда халықтың темекі өнімдерін тұтынуын реттейтін заңның іске аспауына еліміздегі дәмханалар мен мейрамханалар өз «үлестерін» қосып жатыр деген ұғым бар. Ия, дәмханалар мен мейрамханаларда темекіні ширата шегіп, көк түтінді будақтатып отыратын азаматтарды күнделікті өмірден көріп те жүрміз. Темекі шегуге шектеу қоятын заңның қатаң сақталуы жеке кәсіпкерлерді шаруасы десек қатты қателесеміз. Ішімдікке масайып, көк түтінді будақтатып отырған адамға «темекі шегуге болмайды» десең жағаңа жармасып, төбелес шығаруға дайын тұрады. Сондықтан дәмханалар мен мейрамханалардың қожайындар олармен жаға жыртқысып абырой таппасын білген соң, амалсыз үнсіз қалатын түсінуіміз керек. Дегенменде халыққа қызмет көрсетуіге ден қойған кәсіпкерлер көңіл көтеру орындарында ескерту қағаздарын іліп қояды. Сондықтан темекіге қатысты заң талаптары орындалмады де құзырлы орындардың шағын кәсіпкерлерге шүйліге беруі орынсыз. Кәсіпкерлер өз қонақтарына барынша ескерту жасайды. Бірақ олардың жанайқайына құлағына іліп жатқан азаматтарды көрген жоқпыз. Еркінсіген мейманға батырып, қаттырақ айтсаңыз жаға жұртқысып, жұдырық сілтесуге дейін барып қалуыңыз ықтимал. Бұдан кейін құқық қорғау органдарының алдында жауап беруіңізге тура келеді. Былай тартсаң арба сынып, былай тартсаң өгіз өлетін осындай кезде не істеуге болады. Әрине, бұл ретте заңдылықтың сақтауға жауапты құқық қорғау органдарының батылырақ қимылдауы керек. Дәмхана қызметкерлері бір дөкейдің баласы

Қазақ қоғамында қабылданған көптеген заңдардың орындала бермейтіне етіміз үйренгелі қашан. Мұндай келенсіз жайттар Қазақстанда құқықтық мемлекет орнатуға мейлінше кедергі келтіретіні айтпаса да түсінікті. Таяуда «Свобода слова» газетіндегі әріптестеріміз қабылданғанына көп бола қоймаған қоғамдық орындарда темекі шегуге шектеу қоятын заңның толықанды іске аспай жатқанын қынжылыс. Өз кезегінде әріптестеріміз бұл мәселеге көпшіліктің назарын аудару үшін Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының президенті Талғат Ақуов мырзаны да тартқан екен.



темекі шегіп отырса, оған ескерту жасап, сыртқа сүйреп шығарса ертеңгі күні басына бәле тілеп алатынын жақсы біледі. Осылайша заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылған жандар баса дауға қалып, жанымен

қайға болып кететіні жасырудың жөні жоқ. Мұндай жағдайда құқық қорғау органдары мен сот орындары «бұл байқұс заңдылықтың сақталуы үшін күйіпті» деп басыннан сыйпай қоюы екіталай. Сондықтан құзырлы орындар жөнсіз

тексеруінен мезі болған кәсіпкерлерге темекі шегуге шектеу салатын заңдылықты сақтауға атсалысындар деп жарға итерудің жөні жоқ. Бұл іспен негізінен құқық қорғау органдары айналысуы керек.

Талғат АҚУОВ, Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының президенті:

– Қазіргі таңда қоғамдық орындарда алаңсыз темекі шегетін азаматтарды күнделікті көріп жүрміз. Бұл ретте жұрттың бәрі тек дәмханалар мен мейрамханаларда шылым шегеді деп шағын кәсіпкерлерді айыптау қателік. Қоғамдық ортада темекі шегуге тыйым салатын заң ол баршамызға, яғни Қазақстан азаматтарына ортақ заң. Сондықтан заңдылықтың сақталуына әрбір азамат жауапкер болуы тиіс. Өзім барған мейрамханалар мен дәмханалардан қоғамдық орында темекі шегуге болмайтынын ескертетін тақтайшалар көріп жүрмін. Соны көре тұрып кейбіреулердің темекі шегетінін түсінбеймін. Қоғамдық ортада темекі шегуге шектеу қоятын мұндай заңдылықтың елімізде тиісті деңгейде орындалмауынан құқық қорғау органдары өз жұмыстарын қаншалықты орындап жүргеніне баға беруге болады. Темекі шегуге шектеу қоятын заңның орындалуы үшін жергілікті билік орындары мен құқық қорғау органдары бірлесіп жиі рейдтер ұйымдастырып, өз жұмыстарын БАҚ арқылы насихаттау керек деп ойлаймын. Дәмхана мен мейрамханаларда халық көп темекі шегеді деп кәсіпкерлерді қыспаққа алып, заңның орындалуын қамтамасыз ету мүмкін емес екенін жадымыздан шығармауымыз керек. Осындай жұмыстар жиі жүргізіліп тұрса, жағдайдың түзелетіні сенімдімі. Бұдан басқа заңдылықты сақтауға жастарды үйретуіміз керек.

Құрылыс индустриясы дамудың діңгегі

Сұхбат

Соңғы жылдары елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып, ел аумағында құрылыс материалдар өндіретін бірқатар өндіріс ошақтары бой көтергені белгілі. Дүниежүзін шарпыған қаржы дағдарысы елімізге өзінің салқынын тигізгенде тұрғын үй құрылысының қарқыны төмендеген болатын. Ал қазір жағдай бір қалыпқа түсіп келеді. Осы ретте үстіміздегі жылы құрылған Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібі қауымдастығы президенті, Халықаралық инженерлік академиясының академигі Марал Томпиев мырзамен еліміздегі құрылыс материалдарын өндірісі жайында көкейде жүрген сұрақтарымызды қойған едік. Енді соған назар аударсаңыздар.

Отандық өнімді пайдалан

– *Марал Қазкенұлы, еліміздің құрылыс саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған маман екеніңізді білеміз. Сондықтан алғашқы әңгімемізді еліміздегі құрылыс материалдарын өндірісінің келешегінен бастасақ. Қазақстан құрылыс индустриясын дамытудың келешегін қалай бағамдайсыз?*

– Қазақстан құрылыс материалдарын өндірудің кең спектрі бар деп нық сеніммен айта аламын. Келешекте құрылыс материалдарын өз елімізде өндіріп, ішкі сұранысты толық өтейтін мүмкіндігіміз бар. Әрине, бұл үшін мемлекет құрылыс материалдарын өндіруге ниеттенген іскер азаматтарға барынша қолдауы көрсетуі тиіс. Қазіргі таңда елімізде цемент, бетон бұйымдары, қабырғалық және жылу сақтайтын материалдар, гипс, таскөндір, арматура, гипсті картон, кырыштық тас, құм сынды құрылыс материалдары өндіру ісі жолға қойылып келеді. Дегенмен де шектен тыс қадағалаулар саланың қанатын кеңге жайып жұмыс істеуіне кедергі келтіруде. Себебі, отандық құрылыс материалдары құнының шет елдердің арзан импортымен салыстырғанда қымбат. Дағдарыс кезінде еліміздегі құрылыс материалдарын тұтынуының қысқаруы, өндіріс көлемінің төмендеуіне әкеп соқты. Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібі қауымдастығы алдағы уақытта отандық құрылыс материалдарының сапасы мен өндіріс көлемі жоғарылатып, биік сапаға қол жеткізуді басты мақсат етуде. Сондай-ақ, біздер қауымдастыққа мүше ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауға да баса мән береміз. Отандық құрылыс материалдарын өндіруге ден қойған кәсіпорындарға сұраныстың болуына, инновациялық даму мүмкіндігін кеңейтуге, құрылыс материалдары өндірісі бойынша кәсіпорындарды басқарудың озық үлгісі мен жаңа технологияларын енгізуге де барынша көмек қолын созатын боламыз.

– *Мемлекет қабылдаған «Қолжетімді баспана – 2020» және Тұрғын үй коммуналды шаруашылығын дамыту бағдарламалары ел аумағындағы құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындарға қаншалықты серпіліс береді деп ойлайсыз?*

– «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасын әзірлеу туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ҚР

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі осы бағдарлама бойынша 7 млн шаршы метр баспана салуды жоспарлап отыр. Осы ретте министрлік құрылыс жұмыстарының көлемін қайта есептеп қаншалықты құрылыс материалдары қажеттілігін анықтады. Дәл осындай есеп-қисаптар ТКШ-ні жаңғырту және «Ақбұлақ» бағдарламасын іске асыру барысында да жүргізілгенін айта кетуіміз керек. Бұдан басқа еліміздегі жол құрылысына да қомақты құрылыс материалдары қажет болып тұрғаны белгілі. Осындай ауықымды жұмыстарды абыроймен атқару үшін бізге сапалы құрылыс материалдары аса қажет. Бүгінде Үкімет үдемелі индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан өндіріс ошақтарына қажетті құрылыс материалдарының 80 пайызға жуығын отандық кәсіпорындар ұсынуы керек деген талап қойылып отыр. Егер ойға алған бұл жеңіс толықтай іске асатын болса, мемлекеттік бағдарламалар құрылысқа қажетті түрлі бұйымдар шығарып

– Дағдарыс кезінде ірі құрылыс компанияларымен қоян-қолтық жұмыс істеген көптеген шағын және орта бизнес өкілдері өздерінің мүддесін дұрыс қорғай алмады. Сондықтан көптеген кәсіпкерлер түрлі қиындықтармен бетпе-бет келіп, кәсібін жабуға мәжбүр болғаны жасырын емес. Қазіргі таңда елімізде құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындарының мүддесін қорғайтын, қордаланған мәселелердің түйінін тарқататын қоғамдық ұйымдар некен-саяқ. Еліміздің әр аймағында құрылыс заттарын шығаруды мықтап қолға алған шағын кәсіпорындар баршылық. Олардың жұмысына кедергі келтіріп, адымын аштырмайтын жайттарда кездесетіні жасырын емес. Алдағы уақытта осындай келенсіз жайттарды қауымдастықтың араласуымен заң шеңберінде шешіп отыруды алдымызға мақсат етіп қойып отырымыз.

– *Нақты қандай мәселелердің түйінін тарқатуға бел буып, білек сыбана кіріскендеріңізді айтып өтсеңіз?*



жатқан отандық кәсіпорындардың жұмысына серпіліс туғызатыны сөзсіз. Сондай-ақ, біздің қауымдастық барлық деңгейдегі үкіметтік органдармен тығыз байланыс орнатып, құрылыс материалдарын өндірушілердің саясатын біртұтас үйлестіруге күш салатын боламыз.

Маман дайындау басым бағыт

– *Марал мырза, өзіңіз құрған қауымдастықтың алға қойған мақсат-міндеттері жайында әңгімелей кетсеңіз?*

– Біздер құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорындар арасында теңқұқықты бәсекелестіктің қалыптасуын және монополияға қарсызандылықтардың сақталуын басшылыққа алатын боламыз. Сондай-ақ, кәсіпорындарға салық және кеден заңы, экология бойынша заңдық кеңестер беруді де жоспарлап отырмыз. Жалпы салық пен кедендегі түйіткілдер шағын және орта бизнес өкілдерінің басты бас ауруы десем артық айтқандық бола қоймас. Қазақстан өзінің Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, нарықтық қатынастарға көшкен кезде көптеген кәсіпорындар



өзінің жұмысын тоқтатып, мыңдаған кәсіби мамандар жұмыссыз қалғаны белгілі. Олардың біршамасы өздерінің тарихи отанына бет алса, қалған жергілікті кадрлар саудаға бет бұрып, мамандығы бойынша жұмыс істеуді тоқтатқанды. Бүгінде біздер осы маман тапшылығын айрықша сезініп отырмыз. Сондықтан қауымдастық кәсіби кадрларды тартуға, дайындауға және қайта даярлауға баса мән беріп отыр.

– *Үкіметтің бұл бағытта қолға алған шаралары маман тапшылығын қаншалықты шешеді деп ойлайсыз?*

– Өз басым Үкіметтің бұл бағытта қолға алған жұмыстары орынды деп есептеймін. Мұндай маңызды жұмыстар бұдан бұрынырақ қолға алынуы керек еді. «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелге жастарды оқыта бастаған тұста елімізде кәсіби-техникалық мамандарды дайындауды қосымша алып жүрудің маңызы зор еді. Кезінде кәсіптік маман дайындауға тиісті деңгейде көңіл бөлгенімізде маман тапшылығы мәселесімен бетпе-бет келмес едік. Бұл бағытта Үкімет пен кәсіпорындар бірлесіп жұмыс істеуі қажет деп ойлаймын. Ауылдағы кәсіптік-техникалық мамандар дайындайтын колледждермен арадағы байланысты жандандырудың маңызы зор. Тағыда айта түссек, «Болашақ» бағдарламасы бойынша заңгер, экономист мамандарын оқытудың қажеті жоқ. Олар сырт елдерге барады да сол елдің заңы мен экономикасы жайында терең білім алып келеді. Ал Қазақстандағы экономика мен құқықтық қатынастар мүлде басқа. Заңгерлер мен экономистерді дайындауға еліміздегі жоғарғы оқу орындарының шамасы жетеді. Қайта біз сырт елдерге техниканың сырын үйренуге талпынған жастарды жіберуіміз керек. Тәуелсіздік жылдары гуманитария саласының тұтқасын ұстайтын мамандар толығымен қалыптасты. Ал техникалық интелгенция барынша қартай түскен. Алдағы уақытта біздер жастардың техникалық мамандықтарды таңдауына кеңінен жол ашуымыз керек. Қазіргі таңда өндірісті жұмыс істеп жүрген кадрлардың жасы 50 асып кеткен. Жастарды техникалық мамандықтарға баулымасақ, алдағы он жылда өндіріс ошақтарында жұмыс

істейтін мамандарды емеге таба алмай қалуымыз мүмкін.

– *Кедендік одақтың құрылыс еліміздегі құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындарға қалай әсер етті деп ойлайсыз?*

– Үштік одақтың құрылуы шағын және орта бизнес өкілдеріне түрлі «тосынсыяларын» ала келгені белгілі. Үштік одақ құрылған соң, әлі аяғына нық тұрмаған отандық кәсіпорындарымыз Ресей мен Белорустың кәсіпорындарымен бетпе-бет келіп, өзінің мүмкіндігін бағамдады. Қазақстандағы кәсіпорындардың аталған екі елдің кәсіпорындарымен бәсекелестікке түсе алатын толық мүмкіндігі бар. Ал Шығыстағы көршіміз Қытаймен құрылыс материалдарын өндіріп жарысқа түсу мүмкін емес. Үкімет құрылыс материалдарын өндіруге талпынған кәсіпорындарға салықтық, жеңілдетілген несиелік тұрғысынан қолдаулар көрсетуі тиіс. Индустриалды-инновациялық бағдарламаның шеңберінде салынатын зауыт, фабрикаларға 80 пайызға дейін отандық құрылыс материалдары қолдану керек деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдегені белгілі. Түсіне білген адамға бұл үкен қолдау. Алдағы уақытта отандық кәсіпорындардың мүддесін көздейтін мұндай игілікті бастамалардың аясын кеңейте түсуіміз керек. Елбасы Үкіметтің алдына нақты осындай міндет қойғаннан соң, құзырлы орындар құрылыс материалдарын өндіретін отандық кәсіпорындарды қолдау шараларын кеңейту керек деп ойлаймын. Қазақстан жер аумағы үлкен мемлекет. Алматыда өндірілген құрылыс материалды сонау Атырауға, Шығыс Қазақстанға жеткізу үшін қыруар шығын шығатыны белгілі. Ал Ресей мен Белорустың халық тығыз орналасқан, қажетті инфрақұрылымда жоғары деңгейде дамыған. Үкімет отандық кәсіпорындардың өрісін кеңейтуге ойласа, ел ішіндегі көлік пен темір жолдарды барынша дамыту қажет. Бұдан басқа кәсіпорындар үшін коммуналдық төлемдерді де кемітіп, салықтық жүктемелерді барынша азайту керек деп есептеймін. Мұндай жағдайда отандық құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар кез келген бәсекелестікке төтеп беретіне сенімдімін.

Виртуальді әлем

Саяси шешімдер институты клубын қоғамдық-саяси өміріміздегі өзекті мәселелерді кеңінен талқылап келе жатқан диалог алаңы деп атауға болады. Ел өмірденгі өзекті тақырыптарды қоғам, білік орындары болып талқылаудың маңызы зор. Осы ретте аталмыш клуб көптеген игілікті істерге атқарып жүргенін оқырман қауым жақсы біледі. Жақында Саяси шешімдер институты «Е-әлеумет және қоғам» деген тақырып төңірегінде еліміздегі электронды қатынастардың даму қарқыны және оның халыққа тигізетін пайдасы жайында кең көлемді талқылау өткізді. Жиын басталмай жатып жарық жалп етіп өшіп қалғаны көпшілік үшін ойламаған жайт болғаны сөзсіз. Бірақ айтарын ойын көкейге түйіп келген мамандар үшін жарықтың сөну тосқауыл бола қойған жоқ. Жиын барсында Саяси шешімдер институтының деиректоры

тіркелгенмін, жарты жылдан кейін ондағы кілт сөзді ұмытып қалып, бірнеше рет сұрау салып едім, ақыры проблемам шешіліп, сайтқа кіре алатын болдым. Негізінде, қашықтықтан анықтама секілді мағлұматтарға қол жеткізу мүмкіндігі маған өте ұнайды. Әзірге ЭЦҚ алғаным жоқ, себебі өзіме қажетті куәлік алу, қайта тіркелу мен некеге тұру сияқты әрекеттерді арнайы мекемелерге барып жасадым. Сол себепті дәл қазіргі уақытта сервисті тек «сынап» жүрмін, мысалы, электронды үкімет арқылы зейнетақы төлемдерінің соңғы түсімін көрсететін анықтамаларға тапсырыс беріп жүрмін. Келешекте

жеткізуші ретінде қатыса алады. Электронды сауда-саттықтың үлкен артықшылығы бар – барлық қатысушылар бағаның қалыптасуын, келісімнің, сатып алудың қай бағамен өтетінін ашық көре алады». Сонымен қатар, электронды мемлекеттік сатып алулардың (ЭМС) тиімділігі жайында айтып кету қажет, бүгінде кәсіпкер офистан шықпай-ақ, тендерге қатыса алатын жағдайға жетті. Биылғы жылдан бастап бағалық сұрау салу әдісі бойынша мемлекеттік сатып алулардың барлығы электронды форматта жасалынады. Электронды мемлекеттік сатып алулар веб-порталында 70000-нан астам



Қатынас жеңілдеуде

Қазіргі қоғамда мемлекеттік орындар мен қоғамдық ұйымдардың ақпараттық технологиялар тығыз қарым-қатынасқа түсіп, замануи электронды жүйелерге мейлінше кірігіп жатқаны күнделікті өмірден көріп жүрміз. Электронды қатынастар күн санап дамып, осыған дейін адамдар атқарып келген қызмет түрлерінің орнын басуда. Осылайша электронды басқару жүйесі әлеуметтік салаға дендей еніп, бұра тартушылыққа кең көлемде тосқауыл қойып отырғанын атап айтуымызға болады. Бүгінде еліміздегі бизнес пен қадағалаушы органдардың арасындағы байланысты электронды жүйеге көшіре бастағалы бері сыбайлас жемқорлық оқиғаларының көлемі төмендеп, кәсіпкерлер кең тыныстап қалғанын көріп жүрміз. Бұдан басқа Халыққа қызмет көрсету орталықтарының электронды қызмет түрлерін ұсына бастауы да жұртшылық үшін тиімді болып тұр.

Жиын барсынла Шеризат Жарболов «Ақыл» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі баяндама жасады. «Соңғы кезде «Электронды үкімет» сөзін дәстүрлі емес медиа-көрінісінде жиі естуге болады. Бұрында қолданушылардың көбі «мен egov.kz сайтында тіркелдім» дегенмен шектелсе, қазір электронды цифрлық қолды жасап алдым, салықты енді онлайнда төлейтін боламын немесе некеге тұру туралы анықтама аламын деген әңгімелерді» естітін болдық деп әңгімесін бастады. Электронды қызметтерді толық көлемде дамытып, оларды халыққа ұсыну үшін ең басында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері

қосылған болатын. Толық автоматизация үшін мемлекеттік органдармен ақпараттық жүйелер мен ведомстволардың функционалды міндеттерін атқаратын ішкі ведомстволық порталдар құрылды. Министрліктер арасынан алғашқы автоматизацияны Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Жер ресурстарын басқару агенттігі іске асырылғанын білікті маман алға тартты. Уақыт өте келе бұл тізім толықты, мысалы, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, экономика және бюджеттік жоспарлау, ішкі істер, қоршаған ортаны қорғау министрліктері, Жоғарғы сот, Бас прокуратор да электронды жүйенің қызметін дамыту қызу жұмыстар жүргізіп жатыр.

– Бүгінде берілген электронды құжаттардың жалпы саны 669 мыңға, ал электронды лицензиялар саны – 271-ге жеткен. Үстіміздегі жылы электронды қызмет тұтынушыларын 850 мыңға, яғни еліміздің экономикалық белсенді тұрғындар санын 11 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. Электронды үкіметтің әлемдік деңгейдегі дамуы жайында айтар болсақ, БҰҰ рейтингінде Қазақстан 46-орынды иемденді, бұл 2008 жылмен (81-орын) салыстырғанда, тізімдегі 192 мемлекеттің ішінде, еліміз 35-позицияға көтерілді деген сөз. БҰҰ рейтингінің көшбасында Оңтүстік-Шығыс Азия, Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка: Корея, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Нидерланд, ТМД елдері арасында: Украина (54-орын) мен Ресей (59-орын). Ал 2010 жылғы «электронды қатысу» (e-participation) көрсеткішіндегі классификацияда Қазақстан 18-орында (2008

жылы – 106-орын) екен. Алайда, бұл сандардың маңыздылығын іс жүзінде қарастырған дұрыс.

Е-лицензиялау ел ертеңі

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновтың пікірінше, электронды үкімет, еліміздің территориялық ерекшеліктерін ескергенде, өте тиімді: «Қандай деңгейде болмасын, бір реформа жүргізген кезде

Бүгінде E-gov.kz «электронды үкімет» порталында еліміздің азаматтары үшін мемлекеттік органдардың 59 электронды қызметі ұсынылған. Осылардың ішінде ерекше сұранысқа ие болғандар: әділет, қаржы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері мен салық комитетінің е-қызметтері.

бірінші кезекте қаржы, биліктің шешімі не әдемі бағдарлама емес, халықтың қолдауы қажет. Себебі идеялар көпшіліктің қолдауын қажет етеді. Еліміздің территориясы үлкен болғандықтан, адамдардың билікпен араласуы және шешім шығаратын мекемелерден алыс орналасқан тұрғындар үшін электронды үкіметтің рөлі зор. Ақпараттық технологиялар арқасында халықпен байланыс жасауға мүмкіндік бар. Қазіргі билік халыққа қызмет жасауы тиіс, электрондық үкімет қаладан алыс тұратын ауылдық тұрғындарға тең қызмет көрсете алады. Барлық жобалар мен шешімдер бір кезде барлық тұрғындарға жетеді», - деді.

Алматылық Жеңіс Қайыржанова мамандығы бойынша программист, жеке микроблог пен веб-күнделіктің иесі, электронды үкіметпен қарапайым қолданушы ретінде таныс: «Мен e-gov.kz сервисінде бір жыл бұрын

көлік алатын болсам, кеңейтілген функционалды, яғни ЭЦҚ-ны талап ететін қызметтерді пайдаланамын деп жоспарлап қойдым».

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік билік органдарының ведомстволық электронды әрекеттесуі бірыңғай ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды сыбайлас

жемқорлықты алдын алуға көмектеседі. Нақты айтар болсақ, елімізде 2009 жылдан бастап «Е-лицензиялау» жобасы іске асырылды. Бұл жоба кәсіпкерлерге лицензия және лицензияланатын қызметтер түріне рұқсат алу үшін жасалынған. Әр азамат лицензияға өтініш берген уақыттан бастап бүкіл процесті қадағалай алады, сонымен қатар, өтінішті берген және өтінішті қабылдаған тараптар өзара байланыспайды. Сол себепті бұл жобаны сыбайлас жемқорлықпен күресуде тиімді пайдалануға болады. Кәсіпкер Ирина Титаренконың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлықты алдын алу және онымен күресуде маңызды рөл атқаратын электронды мемлекеттік сатып алулар веб-порталының жұмысын ерекше айтып өтуге болады. Бұл жүйе арқасында қолданушы мемлекеттік қызметтер ішіндегі сатып алуларға тапсырыс беруші, ұйымдастырушы мен

қолданушы тіркелген. Олардың жартысынан көбі – жеткізушілер. Порталдың бас мақсаты – процесті ашық етіп көрсету, бәсекеге жағдай жасау және шығындарды азайту. Осылайша, 2010 жылдан бастап, ЭМС-ты енгізу арқасында орташа бюджет қаражатының жалпы үнемдеуі 4 млрд. 215 млн теңгені құрады. Сол себепті, электронды сауда-саттыққа біртіндеп ұлттық компаниялар, ірі салалық корпорациялар қосылып, екінші деңгейлі банктердің жеке электронды сауда алаңы жұмыс істеп келуде. Шағын және орта кәсіпкерлік те электронды мемлекеттік сатып алуларға қатысатындықтан осы үдеріске қосылууда.

Әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, бүгінде Электронды үкімет жобасы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген мемлекеттерге де инфрақұрылымды қалыптастыру үшін біраз уақыт қажет болды. Мысалы, Канада мемлекеттік құрылымның ақпаратын ашық түрде ұсыну үшін жобаның іске асырылуын үш кезенге бөліп, жүйені бес жылдың ішінде құруға жоспарлады. Бүгінде Канада, Сингапур мен АҚШ – өз азаматтарына үкіметтік веб-сервистерді ең көп ұсынатын мемлекеттер. Айта кететін бір жайт, мақсаты, міндеті ұқсас бола тұра, әр мемлекеттің электронды үкіметті құрудағы құралдары мен әдістері әр түрлі болып келеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл салада бәріне ортақ пайдалы болатын кеңес жоқ. Қазақстан азаматтары үшін мемлекеттік қызметтерді қол жетімді, пайдалануда жедел, әрі тиімді етіп ұсыну – бәсекеге қабілетті қоғам құруда маңызды қадам. Бұндай қоғамды, сөзсіз, тек электронды инфрақұрылымы дамыған елде ғана құруға болады.

Америка шағын кәсіпкерлікті күлденген мекені

Сырт көз

Көптеген елдердің іс-тәжірибесіне назар аударғанымызда олардың шағын және орта бизнесті дамытуды мойнына алған мемлекеттік органдары бар екенін байқауға болады. Ал АҚШ-та кәсіпкерлік саланы жандандыруды мойнына алған мемлекеттің белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын көрмедік. Бизнесті биік белестерге көтеру ісімен негізінен қоғамдық ұйымдар айналысады. Солардың бірі хәм бірегейі АҚШ-тың Шағын кәсіпкерлікті дамыту басқармасы. Бұл мекеменің әр штатта 500-ден астам қызметкері шағын кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтуде қызу еңбек етуде. 2009 жылдың өзінде АҚШ-та тіркелген шағын кәсіпкерлік нысандарының саны 27,5 миллионға жеткен. Статистикалық мәліметтерге назар аударатын болсақ, 1993-2009 жылдары АҚШ-тағы ашылған жұмыс орындардың 65 пайызы шағын кәсіпкерлердің еншісіне тигенінен-ақ, олардың АҚШ экономикасының басты қозғаушы күшіне айналғанын байқауға болады. Осы ретте Америка нарығында шағын кәсіпорындардың басым бөлігі 25 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе

жатқанын байқауға болады. Осылайша шағын кәсіпкерлер Американдықтардың тең жартысын жұмыспен қамтып отырғанынан көп жайтты аңғаруға болады. Нақты есепке жүгінсек, соңғы жылдары АҚШ-та шағын кәсіпорындарда 59,7 миллион халық еңбек еткенін байқаймыз. Осы ретте салыстырмалы түрде айтсақ, ірі өндіріс ошақтарында 61,2 миллион американдық жұмыспен қамтылған. Осы ретте шағын кәсіпорындардың көпшілігі 10-100 азаматтың басын қосып отырғанын да айта кетуіміз керек. Мұндай ықшам кәсіпорындар қандай дағдарысқа болса да төтеп береді. Көптеген білікті мамандар дүниежүзілік қаржы дағдарысы кезінде АҚШ экономикасының құлдыраудан осы шағын кәсіпорындар аман сақтап қалғанын алға тартуда. Осыдан-ақ, АҚШ үшін қаншалықты маңызды екенін байқау қиын емес. Бүгінде әлемдік экономиканың көшбасшысына айналып отырған елдің ауылшаруашылығында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлердің, яғни фермелердің жағдайы көш ілгері екенін айта кетуіміз керек.

Шағын кәсіпкерлік өмірдің ағымына бейім сала екенін қазір жұрттың бәрі айттып жүргені белгілі. Бұл сөздің бекерден-бекер айтылмағанын АҚШ-тағы шағын



және орта бизнестегі қатынастарға назар аударған адам бір көз жеткізеді. Айталық, 2009 жылы, яғни дағдарыс күшіне енген шағында құрама штаттарда бір жылдың ішінде 660,900 жұмысшысы бар 552,600 шағын кәсіпкерлік нысандар жұмысын тоқтатқаны белгілі. Бұл ел экономикасының жылдық айналымының 10 пайыздық үлесін құрайтынын айта кетуіміз керек. Мұндай қомақты цифрдан шешудің қажеті жоқ. АҚШ экономикасы үшін жылда осыншама кәсіпорындарды жабылып, осыншама

Олар құрама штаттардағы жұмысқа қабілетті жандардың тең жартысын жұмыспен қамтып отыр.

шағын кәсіпкерлік нысандардың тіркелуі қалыпты жағдай болып саналады. Жалпы мұндай шағын кәсіпкерлік нысандарда халықшаттан тыс жағдайда жұмыс істейді. Осыдан-ақ, мұндай шағын кәсіпкерлік нысандар белгілі бір уақыт аралығында іске асатын жобалардың негізін құрылып, жоба жұмысын аяқтағаннан кейін кәсіпкерлік нысандарды жабылуы заңдылық. Сондықтан бұдан американдықтар ешқандай трагедия іздемейді. Әрине, бұл ретте жұмысын тоқтатқан кәсіпорындардың басым бөлігі уақытша құрылған кәсіпорындар болғанмен, олардың арасында жұмыс істеу бағытын өзгертіп, басқа салаға ден қойған шағын кәсіпкерлік нысандардың болуы заңдылық. Өйткені жүйелілік қаржы жағдарысы көптеген кәсіпорындардың жұмысына өзгерістер әкелгені белгілі. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейтін ата-бабаларымыздың өлшеміне салатын болсақ, осындай уақыт аралығында кәсіпорындардың түлеп, дамып, бағытын өзгертіп отыратынын байқау қиын емес. АҚШ-та шағын кәсіпкерлік нысандардың құрамының ұзақтығы 2-10 жыл аралығында екенін айта кетуіміз керек. Кей жағдайда құрама штаттардан 15 жылға дейін табысты жұмыс істеген кәсіпкерлік нысандар-

ды кездестіруге болады. Технологиялық үрдістердің күн сайын өзгеріп отыратынын ескерсек, 10 жыл дегеніміз шағын кәсіпкерлер үшін айтарлықтай ұзақ жыл болып саналады. Статистикалық деректерге көз салатын болсақ, 2000 жылы құрылған кәсіпкерлік нысандардың 69 пайызы қазіргі таңда табысты жұмыс істеп жатқанын байқауымызға болады. Бұдан соңғы жылдары АҚШ-тағы шағын кәсіпкерлік нысандардың заман көшінен қалмай, дамып келе жатқанын байқауға болады. Осы ретте мұндай көрсеткіштер әр штатта әртүрлі екенін айта кетуіміз керек. Мәселен, кейбір штаттарды 5 жыл бойына жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкерлік нысандардың үлесі 49 пайызды құраса, он жыл бойына нарықта жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорындардың бар болғаны 34 пайызды құрайтынына көз жеткізуге болады. Мұндай ала-құла жағдайдың қалыптасуына әр штаттың экономикалық жағдайына байланысты екенін айта кетуіміз керек.

Ендігі кезекте АҚШ-тағы шағын кәсіпкерлік нысандарын қаржыландыру ісі жайында аз-кем айта кетсек. Америкада шағын кәсіпорындарды қаржыландыру ісі негізінен жеке адамдардың инвестиция құюымен және банк саласының несиелеуімен жүргізілетінін айта кетуіміз керек. Орта есеппен алғанда АҚШ-та шағын кәсіпкерлік нысанды бір жылдың ішінде аяғынан тік тұрғызу үшін 80 мың доллар көлемінде қаржы жеткілікті. Осы ретте құрама штаттарда кәсіпкерлік саланы несиелеу мәселесі түбегейлі жолға қойылғанын айта кетуіміз керек. Кәсіпті бастау үшін қажетті банкке бармай-ақ, карталық жүймен де алудың мүмкіндігі қарастырылған. Осы ретте АҚШ-та жаңадан құрылған шағын кәсіпкерлік нысандардың оннан үш бөлігі қаржы ұйымдарының несиесіне мұқтаж емес екенін айта кетуіміз керек. Яғни, іс бастаған өзінің жиған-терген капиталымен жұмысын бастайды. Жалпы АҚШ-та кәсіпкерлікпен айналысушылар өзінің жиған капиталы негізінде жұмыс бастағанды жөн көреді.

